



# Абай Құнанбаев





*«Жүрегімнің түбіне терең бойла,  
Мен бір жұлбақ адаммын оны да ойла.  
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім.  
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма....»*



Абай ( Ибраһим ) Құнанбаев (1845—1904) — ақын, жазушы, қоғам қайраткері, қазіргі қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы, либералды білімді исламға таяна отырып, орыс және еуропа мәдениетімен жақындасу арқылы қазақ мәдениетін жаңартуды көздеген реформатор. Азан шақырып қойған аты — Ибраһим.

Ақын

Жазушы

Қоғам  
қайраткері



Абай 10 тамыз 1845 ж. қазіргі Семей облысының Шыңғыс тауларында Қарқаралының аға сұлтаны Құнанбайдың төрт әйелінің бірінен туған. Орта жүздің Арғын тайпасының Тобықты руынан шыққан билер әулетінен. Әкесі Өскенбайұлы Құнанбай өз заманындағы атақ даңқы алысқа кеткен адамдардың бірі болған. Патша өкіметі ХІХ ғасырдың ортасындағы бір сайлауда оны Қарқаралы ауданының аға сұлтандығына бекіткен.



Шешесі Ұлжан Орта жүздің Арғын тайпасынан Қаракесек руының шешендікпен, тапқырлық, әзіл әжуамен аты шыққан шаншарлардың қызы «Абай» деп жас Ибраһимді анасы Ұлжан еркелетіп атаған. Содан бері бұл есіммен Абай тарихқа енді.



Абайдың поэтикалық шығармалары мен қара сөздері пәлсапалық, этикалық, эстетикалық, психологиялық және педагогикалық ой-пікірлерге толы.

Абай түсінігінше, табиғат біздің санамыздан тыс және бізге тәуелсіз өмір сүреді.

Біздің түйсігіміз бен қабылдауымыз, түсінігіміз айналадағы ақиқат шындық өмірдің сәулесі ғана.



Ахмет Байтұрсынұлы 1913 ж. «Қазақ» газетінде басылған «Абай – қазақтың бас ақыны» атты мақаласында «Одан асқан бұрын-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» – деп Абайды аса жоғары бағалады.





Қазақтың классик жазушысы Әуезовтың бас кітабы-”Абай жолы” ұлы ақынға арналған.1993 жылы ”Абай жолы” эпопеясы дүние жүзі халықтарының 116 тіліне аударылған.



# Абайдың шығармалары

Абай өлең жазуды 10 жасында («Кім екен деп келіп ем түйе қуған...») бастаған. Әкесі оның зеректігін байқағаннан кейін, 10 жасқа толған соң Семейдегі Ахмет Риза медресесіне береді. Медреседе төрт жыл оқығаннан кейін, оқудан шығарып алып, қасында ұстап, ел басқару ісіне баули бастайды. Одан басқа ертеректе жазылған өлеңдері — «Йузи-рәушән», екіншісі — «Физули, Шәмси». «Сап, сап, көңілім», «Шәріпке», «Абралыға», «Жақсылыққа», «Кең жайлау» өлеңдері 1870 — 80 жылдар аралығында жазылған. Ақындық қуатын танытқан үлкен шығармасы — «Қансонарда» 1882 ж. жазылған. Шығармалары үш жүйемен өрбиді: бірі — өз жанынан шығарған төл өлеңдері; екіншісі — ғақлия (немесе Абайдың қара сөздері) деп аталатын прозасы; үшіншісі — өзге тілдерден, әсіресе орысшадан аударған өлеңдері.

# Абайдың шығармалары

- Ғылым таппай мақтанба
- Интернатта оқып жүр
- Пайда ойлама, ар ойла
- Жасымда ғылым бар деп ескермедім
- Әсемпаз болма әрнеге
- Жазғытұры
- Жаз
- Күз
- Қыс
- Желсіз түнде жарық ай

- Қансонарда бүркітші шығады аңға
- Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы
- Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін
- Кұлақтан кіріп, бойды алар
- Өзгеге, көңілім, тоярсың
- Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай
- Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол
- Білімдіден шыққан сөз
- Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы
- Сап, сап, көңілім, сап, көңілім

# Жаз

Жаздыгүн шілде болғанда,  
Көкорай шалғын, бәйшешек,  
Ұзарып өсіп толғанда;  
Күркіреп жатқан өзенге,  
Көшіп ауыл қонғанда;  
Шұрқырап жатқан жылқының  
Шалғыннан жоны қылтылдап,  
Ат, айғырлар, биелер  
Бүйірі шығып, ыңқылдап,  
Суда тұрып шыбындап,  
Күйрығымен шылпылдап,  
Арасында кұлын-тай  
Айнала шауып бұлтылдап.  
Жоғары-төмен үйрек, қаз  
Ұшып тұрса сымпылдап

# Күз

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,  
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.  
Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма,  
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.  
Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,  
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.  
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,  
Жапырағынан айрылған ағаш, қурай.  
Біреу малма сапсиды, салып иін,  
Салбыраңқы тартыпты жыртық киім.  
Енесіне иіртіп шуда жібін,  
Жас қатындар жыртылған жамайды үйін.  
Қаз, тырна қатарланып қайтса бермен,  
Астында ақ шомшы жүр, ол бір керуен.

# Қыс

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,  
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.  
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,  
Басқан жері сықырлап, келіп қалды.  
Дем алысы – үскірік, аяз бен қар,  
Кәрі құдаң – қыс келіп, әлек салды.  
Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып,  
Аязбенен қызарып ажарланды.  
Бұлттай қасы жауып екі көзін,  
Басын сіліксе, қар жауып, мазанды  
алды.

# Ақынның өз балалары:

- Абай
  - Талантты балалары:
  - Әбдірахман, Мағауия,
  - Тұрағұл, Мекайыл
- Ділдәдән
  - Ақылбай, Әкімбай
  - Әбдірахман,
  - Райхан
- Күлбадан
  - Мағауия
- Әйгерімнен
  - Тұрағұл, Мекайыл
  - Ізкәйіл, Кенже



# Қара сөздері

Абайдың көркемдік, әлеуметтік гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі - қара сөздері. Абайдың қара сөздері (Ғақлия) - ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығармасы. Жалпы саны қырық бес бөлек шығармадан тұратын Абайдың қара сөздері тақырыбы жағынан бір бағытта жазылмаған, әр алуан. Оның алты-жеті үлгісі қысқа болса, қайсыбіреуі мазмұн, тақырып жағынан өзгешелеу, ауқымды болып келеді. Абай өзінің қара сөздерінде шығарманың ажарына ғана назар аударып қоймай, оның тереңдігіне, логикалық мәніне зор салған.



# Абайдың шығарған кітаптарының бірі





*Тыңдағандарыңызға  
рақмет!!!*